

ӘОЖ 327

## **«БІР БЕЛДЕУ БІР ЖОЛ» АЙМАҚТЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАСТАМАСЫ МЕН ШЫҰ-НЫҢ БАЙЛАНЫСЫ**

**Қақар Қанат**

haharhanat@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
аймақтану кафедрасының докторанты. Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – Даркенов Қ.Ғ.

2001 жылы 15 маусымда Шанхайда Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан мен Өзбекстан елдері Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының құрылғандығын жәриялады. Бұған дейін, 1996 жылы Өзбекстанды қоспағанда, жоғарыда аталған мемлекеттердің барлығы «Шекаралық әскери аймақтарға сенімді нығайту туралы келісім» және «Шекаралық аймақтардағы қарулы күштерді өзара қысқарту туралы келісім» келіскен елдер болды [1]. Өзбекстан 2001 жылы ұйымға қосылғаннан бері ол «Шанхай Ынтымақтастық ұйым» деп аталды.

ШЫҰ-ның аясындағы экономикалық және мәдени қатынастар

Ұйым елдер арасындағы әскери ынтымақтастытан басқа мәдени және экономикалық қатынастарды дамытты. 2003 жылдың қыркүйегінде Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше мемлекеттердің үкімет басшылары 20 жылдық «Көпжақты экономикалық және сауда ынтымақтастығының күнделігіне» қол қойды [2]. Бұл келісімнің басты мақсаты-ШЫҰ кеңістігінде еркін сауда аймағын құру, сонымен бірге қысқа мерзімді кезеңде сауда мен инвестиция үдерісін жеделдету. Қазіргі уақытта Шанхай ынтымақтастық ұйымы «Көпжақты сауда -экономикалық ынтымақтастықтың контурына», «2025 жылға дейінгі даму стратегиясына» және басқа құжаттарға қол қойды және енгізді [2].

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастық энергетика, көлік, ауыл шаруашылығы, телекоммуникация және басқа да көптеген экономикалық салаларды қамтиды, сонымен бірге мүше мемлекеттер ғылым мен техника, мәдениет, білім, туризм, және гуманитарлық ғылымдар. Аймақта экономикалық серіктестікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасалды.

Гуманитарлық ынтымақтастық тұрғысынан 2002 жылы 12 сәуірде Бейжің саммитінде ШЫҰ -ға мүше елдердің мәдениет министрлері алғаш рет мәдени ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. 2007 жылы Ресей онлайн -университет құруды ұсынды, ал 2008 жылы ШЫҰ онлайн -университеті (мүше мемлекеттердің университеттерінің кооперативтік жүйесі) құру туралы қаулы қабылданды [2]. 2010 жылы университет Беларусь, Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстанның 80 -нен астам университетін қоса алғанда, өз жұмысын бастады және 7 зерттеу бағыты

бойынша мамандарды даярлады, оның ішінде аймақтану, экология, энергетика, ақпараттық технологиялар, нанотехнология, білім мен экология.

«Жібек жолының экономикалық белдеуі» мен Шанхай ынтымақтастық ұйымының байланыстылығы

Халықаралық қаржылық дағдарыс ШЫҰ -ға мүше мемлекеттерді аймақтық экономикалық ынтымақтастықтың маңыздылығын тереңірек түсінуге мәжбүр етті. Басқаша айтқанда, экономикалық ынтымақтастық ШЫҰ аясында көпжақты ынтымақтастықты дамытудың негізі болып табылады, бұл аймақтық бәсекеге қабілеттілікті арттыруға көмектеседі және қиындықтарды бірлесіп шешуге мүмкіндік береді. 2015 жылы ШЫҰ елдері UnionPay негізінде халықаралық қаржылық жобалар орталығын құруға ниет білдірді[3]. 2015 жылы Шанхай ынтымақтастық ұйымы алдағы бес жылға арналған аймақтық экономикалық ынтымақтастық жоспарларын терең зерттеуді бастау туралы қаулы қабылдады. Қарар 10 бағытта ынтымақтастықта болады. Оның шеңберінде 100 -ге жуық жобаға жалпы көлемі 100 миллиард АҚШ доллары болатын инвестициялар жоспарланған, ал көлік инфрақұрылымын дамыту - негізгі бағыт болып белгіленді[3]. 2015 жылдың желтоқсанында Чжэнчжоуда ШЫҰ -ға мүше мемлекеттердің үкімет басшылары комитетінің кезекті отырысы өтті. Кездесуде ұйым мүшелері жақында аймақтық және жаһандық деңгейдегі экономикалық дағдарыс жағдайында ШЫҰ аясында экономикалық және сауда саласындағы ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуді талқылады.

2016 жылдың маусымында Ташкентте өткен ШЫҰ саммитінде ұйымға мүше мемлекеттердің басшылары «Жібек жолы экономикалық белдеуін» құру бастамасын қолдайтындықтарын тағы да білдірді [3]. Қытай Орталық Азиядағы ықпалын күшейтті, инфрақұрылымдық құрылысқа белсенді инвестиция салып, ұлттық жобаларды іске асыру үшін несие беретіндігін жария етті. 2016 жылдың маусымында Ташкентте өткен ШЫҰ саммитінің қорытындысына сүйене отырып, бұл саммиттің белгілі бір тарихи маңызы бар деп айтуға болады. Осы саммитте ШЫҰ ның аймақтық экономикалық ынтымақтастық бағытына белсене кіріскенін көрсетеді.

ШЫҰ -ға мүше кейбір мемлекеттер, әсіресе Ресей қазіргі уақытта Еуразиялық қоғамдастық құрылысы шеңберінде «бір белдеу бір жол» мен келісу мүмкіндігін, ұлттық стратегияларды іске асыру, «Жібек жолының экономикалық белдеуін» дамыту мен оның мүмкіндіктерін қарастыруда басты әріптес ретінде маңызға ие. Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин 2017 жылы Астанада өткен Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының саммитінде сөз сөйледі. Ол Еуразиялық қоғамдастық, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, АСЕАН және Қытай интеграциялық жобалар үшін Еуразия құрлығында күш біріктіргенін баса айтты [4]. Ұсынылған «Бір белдеу - бір жол» бастамасының бірлескен әлеуетінің маңыздылығы, сонымен бірге осы тұрғыда қабылданған саммит шешімдерін, әсіресе Үндістан мен Пәкістанға ШЫҰ -ға кіруге келіскен қарарды оң бағалады[4].

Ресей ресими түрде Қытайдың «жібек жолының экономикалық белдеуі» қолдау көрсеткенімен, ШЫҰ ұсынған ШЫҰ банкінің бірден аймақта еркін іс жүргізуіне және бірлесіп жаңа жобалар бастауға бірден кіріскен жоқ. Бұдан Ресейдің аймақтағы мүддесін қорғау мақсаты айқын екенін білуге болады. Алайда, мұндай қадам Қытайды «Жібек жолының экономикалық белдеуі» интеграциялық бастамасын қалыптастыруға шабыттандырды. Қытай Шанхай Ынтымақтастық Ұйымын «Жібек жолы экономикалық белдеуін» ілгерілету үшін белсенді қолданды және осы мақсатта қаржыландырудың әр түрлі әдістерін белгіледі. Жібек жолы қоры (40 миллиард АҚШ доллары) мен Азия инфрақұрылымдық инвестициялық банкі (100 миллиард АҚШ доллары)[4].

2015 жылы Қытай елі әлемдік саясатта «бір белдеу бір жол» бастамасын әлемге паш еткенен кейін, кей сарапшылар оның Қытайдың экономикалық жаңа бастамасы және ШЫҰ

оның қауыпсыздік платиформасы екенін айтып өтті. Қытайдың аймақтық экономикалық ынтымақтастық бастамасы мен ШЫҰ ның байланыстылығын қарастырсақ:

Бірінші, «жібек жолы экономикалық белдеуінің» мақсаттары ШЫҰ миссиясына сәйкес келеді. 2002 жылы қабылданған Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының Жарғысында ұйымның миссиясы экономика, сауда, энергетика, көлік, қаржы және несие салаларында тиімді аймақтық ынтымақтастықты дамыту және аймақтық экономиканың, қоғамның жан - жақты дамуын жүзеге асыру деп белгіленген[4]. «Бір белдеу бір жол» бастамасында елдердің даму стратегияларын біріктіруге және аймақтық нарықтың әлеуетін зерттеуге, инвестициялар мен тұтыну, сұраныс пен жұмыспен қамтуды дамыту, және жол бойындағы елдерде өркениеттер арасындағы адамдардың мәдени алмасуы мен өзара білім алу барлық елдердің адамдарына бір -бірімен танысуға, үйренуге және құрметтеуге, үйлесімді, бейбіт және гүлденген өмірмен бөлісуге мүмкіндік береді » деп баяндалғын[5]. Екі жоспардың мақсаттары аймақтағы елдердің экономикалық, мәдени, энергетикалық және көлік саласында ынтымақтастық орнату болып табылады.

Екіншіден, «жібек жолының экономикалық белдеуі» мен Шанхай ынтымақтастық ұйымының бағдарламасы елдер арасындағы инфрақұрылымды өзара байланыстыруға бейімдейді. 2012 жылы қабылданған «Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы Мемлекет басшыларының тұрақты бейбітшілік пен ортақ өркендеу аймағын құру туралы декларациясында» білай делінген- Еуропа мен Азияны байланыстыратын көлік инфрақұрылымының құрылысына назар аударылды және «шекарадағы ынтымақтастық мүше мемлекеттердің аудандары мен іргелес аудандардың дамуын ілгерлету. Өзара байланысты нығайту және экономикалық дамуына тиімді инвестиция тарту туралы айтып өтілген [6]. Ал «бір белдеу бір жол» бағдарламасында шегера аймақтардың инфрақұрлымдық құрлығын дамыту және көлік трансыпорт желісін құру туралы нақты бағыттары мен мақсаттарын жүзеге асырқ белгіленген. Сондықтан, ШЫҰ Қытайдың бастапқы ойдарын ерте бейнелеген дегенмен «бір белдеу бір жол» бастамасы кемелді жүзеге асыруды негіз еткен экономикалық ынтымақтастық бағдарламасы деп айтуға болады.

Үшіншіден, «Жібек жолы экономикалық белдеуінің» негізгі аймағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше елдерінің қауыпсыздік аймағы бірдей. «бір белдеу бір жол» бастамасында айтып өткендей, «Жібек жолының экономикалық белдеуі» Қытайды Орталық Азия мен Ресей арқылы Еуропаға (Балтық теңізі), Қытайды Орталық Азия мен Батыс Азия арқылы Парсы шығанағы мен Жерорта теңізіне, Қытайды Оңтүстік -Шығыс Азияға, Оңтүстік Азияға және Үнді мұхитына шығаруға бағытталған. ... Ірі халықаралық дәліздерге сүйене отырып, дәіздер бойындағы орталық қалаларды байланыстырады. Жаңа Азия-Еуропа құрлықтық көпірі, Қытай-Моңғолия-Ресей сияқты халықаралық экономикалық ынтымақтастық дәліздерін құру үшін ынтымақтастық платформасын құру туралы айтылған. Ресей, сондай -ақ Орталық Азиядағы Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан мен Тәжікстан - ШЫҰ -ға мүше мемлекеттер, Моңғолия - бақылаушы мемлекет; Батыс Азиядағы Түркия, Армения және Әзірбайжан ШЫҰ диалог бойынша серіктес елдері, ал Иран мен Ауғанстан бақылаушы елдер болып табылады; Оңтүстік Азиядағы Үндістан мен Пәкістан ШЫҰ -ның бақылаушы мемлекеттері болып табылады және мүшелікке ресми түрде кірісуді бастады. Шри -Ланка мен Непал, сондай -ақ аралдың орталық және оңтүстік жартысындағы Камбоджа диалог бойынша серіктес болды; Беларусь Еуропадағы ШЫҰ бақылаушы мемлекеті. Осы елдер барлығы ШЫҰ мен байланыстағы елдер. ШЫҰ Қытайдың жібек жолы бастамасының қауыпсыздік шарыт бола алады.

Төртіншіден, «жібек жолы экономикалық белдеуінің» бағдарламалары мен ШЫҰ экономикалық ынтымақтастығымен бірлікте жұмыс жасай бастыды. ШЫҰ -ға мүше мемлекеттердің үкімет басшыларының (Премьер -Министрлерінің) 2015 жылы қабылданған аймақтық экономикалық ынтымақтастық туралы декларациясы ШЫҰ -ға мүше елдердің

экономикалық ынтымақтастығына бірінші рет «жібек жолы экономикалық белдеуінің» бастамасын енгізді. Аймақтық экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға баса назар аударуды мақсат етеді [7]. ШЫҰ аталған елдердің қауыпсыздік ұйымы ғана болып қалмай, ұйым кейінгі күнтәртібінде аймақтық экономикалық ынтымақтастық шараларын қорғайды және оған платформалық рөлін атқарады.

ШЫҰ көпжақты экономикалық және сауда ынтымақтастық механизмі негізінде «жібек жолының экономикалық белдеуі» мен «Еуразиялық экономикалық одақ» арасындағы мүдделік тоғысу мен ынтымақтастықты қамтиды. Екінші жағынан, ШЫҰ -ға мүше елдер Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, бақылаушы ел Беларусь және диалог бойынша серіктес Армения Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерді құрайды. ШЫҰ -ға Еуразиялық экономикалық одаққа жатпайтын мүше мемлекеттер Тәжікстан, Өзбекстан және Қытай болып табылады. ШЫҰ шын мәнінде «Еуразиялық экономикалық одақ + Қытай» (5 + 1) үлгісі болып табылады. ШЫҰ платформасы Еуразиялық экономикалық одақ пен Жібек жолының экономикалық белдеуі арасындағы байланысты жүзеге асыруда маңызды рөл атқарды.

Ұйымның аясында қоғамдық консультациялық сараптамалық механизмді құру ШЫҰ қызметін одан әрі ілгерілетуге және мүше мемлекеттердің, бақылаушы мемлекеттер мен диалогтық әріптестіктің дамуын тереңдетуге көмектеседі және мүше мемлекеттер арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайтуға көмектеседі. Бұл ретте, жобалық қызметті қорғаудың қаржылық аспектілері бойынша барлық тараптардың ортақ пікірге келуіне жәрдемдесу үшін мүше мемлекеттер ШЫҰ Даму Банкі мен ШЫҰ Даму Қорын құру бойынша жұмысты жалғасуда. ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер сонымен қатар энергетикалық салада өзара тиімді және ұтымды ынтымақтастықты дамытуды жақтайды, соның ішінде жаңартылатын энергия мен баламалы энергия, шағын инновация саласындағы өзара тиімді және ұтымды ынтымақтастықты дамытуды жалғастыруда. Аймақаралық жобаларды іске асыру бірлескен өндіріс мақсатына тезірек жетуге мүмкіндік береді.

#### Қортынды

2001 жылы ШЫҰ құрылғаннан қазірге дейін Еуразия континентінде қауыпсыздік саласында өз миссиясын орындап келді. Сыртқы күштердің аймаққа әсер етуінен және аймақ елдері мен Ресей және Қытай қатынастарына сенімді қатынастар қалыптастыруға үлестер қосты. ШЫҰ аясында қауыпсыздік қатынастарынан басқа энергетикалық және экономикалық қатынастарды дамыту айтылғанымен, Қытайдың аймақтағы экономикалық мүддесін қанағаттандыра алмады. 2013 жылдан бастап аймақта Қытай елі «жібек жолының экономикалық белдеуі» бастамасын көтерді, осы бастама аясында аймақ елдерімен экономикалық жаңа қатынастар орнатты. Дегенмен, аймақтағы ықпалды ойыншы Ресейдің ЕЭО кедендік шеңберінде мүдделік сәйкестік болған кезде бастаманың іске асатынын шетел зерттеушілері бірқанша рет атап өтті. Қытай мен Ресейді және аймақтағы ЕЭО ұйымын байланыстыратын ұйым ол ШЫҰ. Аталған ұйымның қауыпсыздік және экономикалық байланыстарын Қытайдың «белдеу және жол» бастамасымен байланыстыруға болады. Біріншіден, аймақтық экономикалық ынтымақтастықтың басты шарты ол аймақтың қауыпсыздік шарты. ШЫҰ -аталған ұйым қауыпсыздік мәселесін жауапкершілігіне ала алады. Екіншіден, Қытай мен Ресейдің сыртқы күштердің аймақтағы мүддесіне әсер етуін қаламайды. Оларды сыртқы күштердің әсерінде ынтымақтатық орнатуға міндетті. Үшіншіден, Ауғанстанға ұқсас мәселелер туындаған жағдайда Ресей және аймақ елдері ШЫҰ-ның аясында Қытай мен келісіп аймақ қауыпсыздігін бірлікте қорғауға міндетті. Төртіншіден, аймақтағы тұрақтылық және Қытай мен Ресейдің ынтымақтастық тәжірибесі, Қытайдың аймақта бейбіт орта құруына тиімді болды, осы қауыпсыздік негізінде аймақта жаңа экономикалық бастама бастауына тиімді шарт-жағдай әзірледі.

### Әдебиеттер тізімі

1. Alyson J. K. Bailes. The Shanghai Cooperation Organization // SIPRI Policy Paper No. 17. SIPRI, 2007.
2. 孙博. 上海合作组织经济合作浅析 // 第二届今日财富论坛. 1-2.p.
3. 韩璐. 上海合作组织与“一带一路”的协同发展 // 丝路时评. 2019 年04期. 61-65.p.
4. Выступление Путина В.В. на саммите ШОС в расширенном составе. 9 июня 2017. интернет ресурс: <http://kremlin.ru/events/president/news/54736>
5. Шанхай БІнтымақтастық Ұйымы Хатшылығының ресми сайты: <http://chn.sectesco.org/>
6. Xinhua news agency. 授权发布:推动共建丝绸之路经济带和21世纪海上丝绸之路的愿景与行动. Internet resources: [http://www.xinhuanet.com/world/2015-03/28/c\\_1114793986.htm](http://www.xinhuanet.com/world/2015-03/28/c_1114793986.htm)
7. Үндістандағы Қытай елшілігінің ресми сайты. Қайнар көзі: <https://www.fmprc.gov.cn/ce/cein/chn/xwfw/xxfb/t939192.htm>